

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 2017 тіркелген " Азық-түлік рыногын құру, ұстау және пайдалануға қойылатын санитарлық-гигиеналық талаптар" санитарлық ережелер мен нормаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2002 жылғы 4 қыркүйектегі N 38 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2003 жылғы 20 маусымдағы N 464 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 4 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 2392. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 30 шілдедегі N 578 бұйрығымен.

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010.07.30 N 578 (ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2003 жылғы 4 маусымдағы N 4-1/18/3314/и хатына сәйкес, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік актілерді жетілдіру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2002 жылғы 18 қазанда N 2017 тіркелген "Азық-түлік рыногын құру, ұстау және пайдалануға қойылатын санитарлық-гигиеналық талаптар" санитарлық ережелер мен нормаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2002 жылғы 4 қыркүйектегі бұйрығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген санитарлық ережелер мен нормаларда: 17-тармақта "және оған іргелес аумақ (периметрі бойынша 25 метрге дейін)" деген сөздер алынып тасталсын.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігеріне А.А. Белоногқа жүктелсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр